

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі мен Ресей Федерациясының Орталық
банкі (Ресей Банкі) арасындағы банктік қадағалау саласында
өзара түсіністік Меморандумы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) мен Ресей Федерациясының Орталық банкі (Ресей Банкі) (бұдан әрі – Ресей Банкі), бұдан әрі Тараптар деп аталады да, банктік қадағалау саласында екі жақты байланыстарды тұрақтандыруға және дамытуға өзара мүдделілігін білдіре отырып, банк қызметін реттеу мәселелері және банктік қадағалау саласында өзара түсіністікке қол жеткізу мақсатында мыналар туралы келісімге келді:

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Меморандумның мақсаты үшін:

1) «банк» ұғымы Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес қолданылады;

2) Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында қолданылатын «еншілес ұйым» және «еншілес кредит ұйымы» ұғымдары бірегей ұғым ретінде пайдаланылады;

3) «трансшекаралық мекеме» ұғымы Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында басқа Тарап мемлекетінің банктері мен басқа да ұйымдары құрған «банктің еншілес ұйымы», «еншілес кредит ұйымы», «филиал», «өкілдік» ұғымдарын қамтитын кеңейтілген ұғым ретінде қолданылады:

- резидент емес банктер Қазақстан Республикасының аумағында банктердің жарғылық капиталдарына қатыса алады, оның ішінде қызметі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес лицензиялануы тиіс еншілес банктер құрады, сондай-ақ өкілдіктер аша алады;

- шетелдік кредит ұйымдары Ресей Федерациясының аумағында кредит ұйымдарының жарғылық капиталдарына қатыса алады, оның ішінде қызметі Ресей Федерациясының заңнама талаптарына сәйкес лицензиялануы тиіс еншілес кредит ұйымдарын құрады, сондай-ақ өкілдіктер аша алады;

4) сабақтас банк – басқа Тарап мемлекетінің аумағында трансшекаралық мекемесі (банктің еншілес ұйымы, филиалы, өкілдігі) бар заңды тұлға;

5) негізгі кредит ұйымы – басқа Тарап мемлекетінің аумағында трансшекаралық мекемесі (еншілес кредит ұйымы, филиалы, өкілдігі) бар кредит ұйымы.

Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында қолданылатын «сабақтас банк» және «негізгі кредит ұйымы» ұғымдары бірегей ұғым ретінде пайдаланылады;

6) шыққан елі – негізгі кредит ұйымын тіркеген ел;

- 7) тұрған елі – транкшекаралық мекемені тіркеген ел;
- 8) банктік қадағалау органдары – өкілеттігіне банк қызметін қадағалау (банктік қадағалау) кіретін Тараптардың мемлекеттік органдары.

2-бап. Өзара іс-әрекет ету және ақпарат алмасудың мәні мен негізгі мәселелері

1. Тараптар мемлекеттеріндегі банк жүйесінің тұрақтылығына, дамуына және бекуіне қолдау көрсету мақсатында банктік қадағалау органдары Тараптар мемлекеттерінің заңнама талаптарын сақтай отырып, осы Меморандум ережелері негізінде негізгі кредит ұйымдары мен олардың траншекаралық мекемелерінің қызметіне банктік қадағалау саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Банктік қадағалау органдары банк секторының жай-күйі мен дамуы, банктік қадағалау саласындағы негізгі нормалар мен талаптар және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес олардың өзгерістері туралы ақпарат алмасады, нақты айтқанда:

1) Агенттік Ресей Банкіне берілуі заңнамалық актілермен шектелген ақпараттарды қоспағанда, сұратып отырған ақпаратты немесе қадағалау функцияларын орындау барысында банктерден алынған құжаттарды беруге құқылы;

2) Ресей Банкі Агенттікке қадағалау функцияларын орындау барысында кредит ұйымдарынан алынған, кредит ұйымдары мен олардың клиенттерінің операциялары туралы мәліметтерден тұрмайтын ақпараттарды немесе құжаттарды аталған банктік қадағалау органының Ресей Банкі ұсынған ақпараттың сақталуын заңнамада белгіленген қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келетін ақпаратты сақтау және құпия ұстау тәртібін қамтамасыз еткен жағдайда ғана беруге құқылы.

2. Банктік қадағалау органдары қажет болған жағдайларда өзара мүдделі болып табылатын мәселелерді талқылау үшін, сондай-ақ негізгі кредит ұйымдары мен олардың траншекаралық мекемелерінің қызметтерін қадағалауды жетілдіру мәселелері бойынша кездесулер өткізеді.

3. Осы Меморандум аясындағы ынтымақтастық банктік қадағалау органдарының ішіндегі біреуінің бастамасы бойынша жәрдем көрсету жөніндегі оның сұратуы (бұдан әрі – сұрату) негізінде жүзеге асырылады.

4. Сұрату жазбаша түрде жіберіледі. Сұратуды жіберу үшін кез-келген байланыс құралы пайдаланылуы мүмкін.

5. Егер сұратып отырған банктік қадағалау органы сұратуды орындау оның мемлекетінің заңнамасына немесе мемлекеттік мүдделеріне қайшы келеді деп ойласа, онда осы Меморандум аясында жәрдем көрсетуден толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін. Бұл жағдайда сұратып отырған банктік қадағалау органына бас тартудың себептері көрсетіліп, жазбаша хабарлама жіберіледі.

6. Әрбір банктік қадағалау органы басқа банктік қадағалау органының сұратуына тез және барынша толық жауап беру мүмкіндігін қамтамасыз ету

үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды немесе соңғысын сұратуды орындауға кедергі келтірген немесе кешіктірген жағдайлар туралы хабардар етеді.

7. Әрбір банктік қадағалау органы осы Меморандумды іске асыру барысында пайда болатын шығыстарды, егер өзге тәртіп туралы келісілмеген болса, әр қайсысы дербес көтереді.

8. Банктік қадағалау органдары мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының резиденттері – кредит ұйымдарының құрылтайшылары (қатысушылары) болып табылатын заңды және жеке тұлғалар туралы;

2) кредит ұйымдары басшыларының (кредит ұйымдарының басшылары лауазымына үміткерлердің) біліктілік талаптарына сәйкестілігін растау туралы;

3) өзге де ақпаратты алуға ықпал етеді.

2-ТАРАУ. БІНТІМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ АҚПАРАТТАРЫМЕН АЛМАСУ

3-бап. Лицензиялау

1. Шыққан елдің кредит ұйымының тұрған елдің банктік қадағалау органына трансшекаралық мекеме ашуға лицензия (рұқсат) беру туралы өтініші (бұдан әрі - өтініш) тұрған елдің заңнама талаптарына сәйкес мерзім шегінде қаралады.

2. Тұрған елдің өтініш алған банктік қадағалау органы шыққан елдің банктік қадағалау органына оның мазмұны туралы ақпарат береді. Банктік қадағалау органдары өтінішті қарау қорытындысы туралы бір-бірін жазбаша хабардар етеді.

3. Тұрған елдің банктік қадағалау органының сұратуы бойынша кредит ұйымының шыққан елінің банктік қадағалау органы өтініш бойынша шешім қабылдау үшін кредит ұйымы туралы мына ақпараттарды:

1) мемлекеттік тіркеу күні туралы;

2) банктік операцияларды жүзеге асыруға лицензияда көзделген қызмет туралы;

3) банктік топтың (банк холдингінің), негізгі кредит ұйымын басқару органдарының, акционерлердің (қатысушылардың), еншілес ұйымдардың және аффилиирленген тұлғалардың, сондай-ақ өкілдіктердің құрамы туралы;

4) ішкі бақылауды басқару құрылымы және жүйесі туралы;

5) трансшекаралық мекемені ашу туралы шешім қабылдау үшін қажетті өзге де ақпаратты, оның ішінде осы Меморандум аясында ұсынылуы мүмкін негізгі кредит ұйымдарының қаржылық жай-күйі туралы мәліметтерді береді.

4-бап. Кредит ұйымдарының акцияларын (үлестерін) сатып алу кезіндегі ынтымақтастық

1. Банктік қадағалау органдары басқа елде тіркелген кредит ұйымдарының акцияларын (үлестерін) сатып алуға келісім берілгендігі немесе келісім беруден бас тартылғандығы туралы бір-бірін хабардар етеді.

2. Осы Меморандумды орындау мақсатында сатып алу Қазақстан Республикасының аумағында немесе Ресей Федерациясының аумағында тіркелген кредит ұйымдарының акцияларын (үлестерін) нәтижесінде сатып алатын және осы сатып алу тиісті елдің заңнамасына сәйкес банктік қадағалау органымен алдын-ала келісуді талап ететін мәміле болып есептеледі.

5-бап. Трансшекаралық мекемелердің ағымдағы қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі ынтымақтастық

1. Тұрған елдің банктік қадағалау органы өз заңнамасына сәйкес трансшекаралық мекемелердің қызметіне банктік қадағалауды жүзеге асырады.

2. Тұрған елдің банктік қадағалау органы трансшекаралық мекемелердің кредит ұйымдарының қызметіне қадағалауды шоғырландырылған негізде жүзеге асыруға қажетті ақпарат пен есеп беруді ұсынуына және шоғырландырылған есеп беруді шыққан елде белгіленген нысандар бойынша жасауына кедергі келтірмейді.

3. Шыққан елдің банктік қадағалау органы негізгі кредит ұйымдарына қатысты және тұрған елдің банктік қадағалау органы трансшекаралық мекемелерге қатысты тиісті сұратулар негізінде ортақ негіздегі мына ақпараттарды:

1) негізгі кредит ұйымдары мен олардың трансшекаралық мекемелерінің қаржылық жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер туралы;

2) трансшекаралық мекемелердің құрылымы мен трансшекаралық мекемелердің ірі (негізгі) қатысушыларының қызметі туралы;

3) басқару органдарының құрамы, тәуекелдерді басқару жүйесі және трансшекаралық мекемелердегі ішкі бақылау туралы;

4) негізгі кредит ұйымдары мен олардың трансшекаралық мекемелері қызметіндегі олардың құрамына кіретін реттеуші ұйымдардың қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін кез-келген қомақты факті немесе оқиға туралы;

5) негізгі кредит ұйымдары мен олардың трансшекаралық мекемелері қызметіндегі банктік заңнаманы бұзуға жол беру, банктік қадағалау органдарының негізгі кредит ұйымдары мен олардың трансшекаралық мекемелеріне қатысты қолданған шаралары туралы ұсынады.

6-бап. Инспекция жүргізу кезіндегі ынтымақтастық

1. Шыққан елдің банктік қадағалау органы инспекция жүргізу үшін өз өкілдеріне рұқсат беру мәселелері бойынша трансшекаралық мекемелермен қарым-қатынасты дербес реттейді.

2. Шыққан елдің банктік қадағалау органы тұрған елдегі трансшекаралық мекемелерге инспекция жүргізу қажет болған жағдайда, оны жүргізуді бастау болжалданып отырған күнге дейінгі екі айдан кем емес мерзімде тұрған елдің банктік қадағалау органына трансшекаралық мекеменің атауын, инспекцияланатын кезенді, инспекция өткізу мәселелері мен мерзімін, тексерушілер туралы мәліметтерді, тұрған елдің банктік қадағалау органына инспекциялау қорытындысы туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен нысандарын көрсете отырып, өзінің тексеру ниеті туралы хабардар етеді.

7-бап. Заңсыз жолмен келген кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

1. Банктік қадағалау органдары қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында мына ақпараттармен алмасады:

1) заңсыз жолмен келген кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету аясында заңнамалық және өзге де актілерді талап ету туралы;

2) заңсыз жолмен келген кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты клиенттерді тану және зерттеу, операцияларды анықтау тәжірибесі туралы;

3) кредит ұйымдарының шыққан елдің заңсыз жолмен келген кірістерді заңдастыруға (жылыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету туралы заңнамасын сақтауы туралы;

4) заңсыз жолмен келген кірістерді заңдастыру (жылыстау) және терроризмді қаржыландырудың типтік схемалары мен әдістері туралы.

8-бап. Ақпаратты қорғау және сақтау бойынша қосымша талаптар

1. Банктік қадағалау органдары ақпаратты сақтау, пайдалану және бір-біріне кез-келген байланыс құралдарымен беру кезінде оны қорғауды қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдайды.

2. Осы Меморандум аясында ұсынылған барлық ақпарат оны ұсынған банктік қадағалау органының келісімінсіз оның сұратылуына және ұсынылуына байланысты жағдайдан басқа кезде өзге мақсаттар үшін пайдаланылмауы тиіс.

3. Үшінші тұлғаларға ақпаратты немесе құжаттарды ұсыну әрбір нақты жағдайда ақпаратты ұсыну міндеті Тараптар мемлекеттерінің

заңнамаларында көзделген жағдайдан басқа кезде ақпаратты берген банктік қадағалау органының жазбаша келісімі негізінде ғана жол беріледі.

3-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9-бап. Дауларды шешу

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге және/немесе сақтауға қатысты Тараптар арасында даулар пайда болған жағдайда, олар мүмкіндігінше келіссөздер және кеңес беру арқылы шешілуі тиіс.

10-бап. Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға жеке хаттамалармен ресімделіп, осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап. Заңды күшіне енгізу, жариялау және қолданылуын тоқтату

1. Осы Меморандум қол қойған күнінен күшіне енеді, белгісіз мерзімге жасалады және бір Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жіберген жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 30 күн өткенге дейін күшінде болады. Банктік қадағалау органдары аталған хабарлама күніне дейін жолданған жәрдем көрсету туралы сұратуларды осы Меморандум талаптары бойынша орындауы тиіс. Осы Меморандумның қолданылуын тоқтатуы Тараптарды оның қолданылуы кезеңінде алған ақпаратты жарияламау және қорғау жөніндегі міндеттемелерінен босатпайды.

2. Тараптар осы Меморандумның ресми мәтіні күшіне енгеннен кейін оның Интернет желісіндегі сайттарға орналастырылуына қарсы емес.

12-бап. Басқа ережелер

1. Агенттік туралы, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген банктер туралы ақпарат және Агенттіктің нормативтік құқықтық актілері Агенттіктің «Қаржы Хабаршысы – Финансовый вестник» ресми басылымында болады, сондай-ақ Интернет желісіндегі www.afn.kz Агенттік сайтына орналастырылады.

Ресей Банкі туралы, Ресей Федерациясының аумағында тіркелген кредит ұйымдары туралы ақпарат және нормативтік құқықтық база Ресей Банкінің «Вестник Банка России» ресми басылымында болады, сондай-ақ Ресей Банкінің Интернет желісіндегі www.cbr.ru сайтында орналастырылады.

2. Осы Меморандум күшіне енген күннен бастап Ресей Федерациясының Орталық Банкі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасындағы кредит ұйымдарының қызметін қадағалау саласындағы ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 17 шілдедегі келісімнің қолданылуы тоқтатылады.

2008 жылғы «18» маусымда Мәскеу қаласында, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, түпнұсқалық екі данада жасалды, сонымен бірге барлық мәтіндердің заң күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндірген кезде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі атынан




Е.Л. Бахмутова

Агенттік Төрайымы

2008 жылғы 18.06

Ресей Федерациясының Орталық Банкі атынан



С.М. Игнатьев

Ресей Банкі Төрағасы

2008 жылғы 18.06